

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



KAZAKHSTAN
D E P O S I T
I N S U R A N C E
F U N D

Жылдық есеп 2010



СІЗ САЛАСЫЗ
БАНК КӨБЕЙТЕДІ
БІЗ КЕПІЛДІК БЕРЕМІЗ



МИССИЯМЫЗ:	банк депозиттеріне кепілдік беру арқылы салымшылардың мүддесін қорғау және қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда олардың шығынын өтеу
ҚОРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ:	■ депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерін құрудың халықаралық принциптеріне сәйкес келу; ■ өз миссиясын таңдаулы әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып атқару
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ:	■ қордың негізгі контрагенттерімен тиімді әріптестік іс-қимылдың одан әрі дамуын қоса алғанда тиімді корпоративтік басқару; ■ сақтандыру жағдайларының басталуына (рәсімдердің әзір) дайын болу; ■ депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі жөнінде жұртшылықты және өзге де мүдделі тұлғаларды хабардар ету; ■ қор қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру

МАЗМҰНЫ

■ Қолданылған қысқартулар тізімі.....	3
■ Төрайымның үндеуі.....	4
■ Қордың стратегиялық міндеттерін орындау деңгейін бағалау кестесі	5
■ 2010 жылдың оқиғалар күнтізбесі	7
■ Қазақстанның банк секторының 2010 жылдағы дамуы	9
■ Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің шолуы	11
■ Қор туралы	12
■ Қордың басқару органдары.....	16
■ Тәуекелдерді басқару жүйесі.....	19
■ Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер.....	20
■ «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесі және ақпараттық жүйесі	21
■ Қатысушы банктерді тексеру.....	22
■ Қордың кепілдік берілген өтемақыны төлеу үшін арнайы резерв және инвестициялық қызметі	23
■ Салымшыларға кепілдік берілген өтемақыны төлеу.....	25
■ Қордың банктер тарату комиссияларының және кредиторлар комитеттерінің құрамындағы жұмысы	25
■ Қордың заңнаманы жетілдіру жағынан жұмысы	26
■ Халықаралық ынтымақтастық	27
■ Қызметкерлерді басқару	29
■ Жұртшылықты хабардар ету	30
■ Аудитордың есебі және қаржылық есептілік.....	32



ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасының Заңы

ДКБЖ

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі

ЖІӨ

Жалпы ішкі өнім

Қаржы қадағалау агенттігі

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Қатысушы банк

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банкі

Қор

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы

Ұлттық Банк

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

IADI

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы



ТӨРАЙЫМНЫҢ ҮНДЕУІ

Өткен 2010 жыл әлемдік қаржы жүйесінің қалпына келтіру үрдісінің алғашқы белгілерін белгілеп, бұл дағдарыс кезеңінде айтарлықтай күйзеліске ұшыраған Қазақстан қаржы жүйесі ахуалының сауығуына бірмәнді ықпал етті.

Республиканың қаржы ортасында дағдарыс құбылыстарына тойтарыс беруде ең алдымен дағдарыстың зардабы әсер еткен банктік сектордағы ахуалдың тұрақтануына арналған уақтылы Үкіметтің және қаржы реттеуіштерімен қабылданған шаралар өте маңызды рөл атқарды. Қолданылған шаралардың негізгі оң нәтижесі болып 2008-2010 жылдары банктердің тұрақты жұмысы және олардың күрделі мерзімде мәжбүрлеп тарату жағдайларға ұшырамауы табылады.

Әйтсе де, қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесі қатысушы банктердің банкрот болған жағдайында салымшылардың алдында өз міндеттемелерін орындауға тұрақты дайындық үстінде болды. Сонымен бірге 2008 жылдың қазан айынан бастап Қордың жауапкершілік дәрежесінің өсуі кепілдік берілген өтемақыны төлеу сомасының жеті жүз мың теңгеден бес миллион теңгеге дейін жоғарылатуы салдарынан міндеттемелерінің үлкеюімен ұласа екпіндеді. Бұл депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамыту жұмыстарын әрмен IADI негізгі қағидаларына сәйкес жалғастыру қажеттілігін анықтады. Сіздің назарыңызға қордың осы жылдық есебінде оның 2010 жылдағы қызметінің негізгі бағыттарының нәтижелері туралы мәлімет ұсынылған.

Сөзсіз ДҚБЖ-нің негізгі миссиясы банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда депозиторлардың мүдделерін қорғау болып табылады: оның негізгі мақсаты – күйзелістің жоғары ықтималдық шарттары кезінде кепілдік берілген өтемақының төлемін уақытында және тиімді іске асыру ерекше маңызды мән алады. Сондықтан Қор кепілдік берілген өтемақыны төлеу үрдістерін жетілдіру мен әрбір банк тәуекелдерінің кескіндерін бағалау сапасын жоғарылату іспеттес басты мақсаттарға күш-жігерін шоғырландырды.

Кепілдік берілген өтемақыны төлеу ерекше қажырлы еңбекті қажет ететін үрдіс. Көбінесе оның тиімділігі Қордың қаржылық тұрақтылығына, банктің салымшылар тізімін мерзімінде беру қабілетіне және төлеулерге арналған шараларды жүзеге асыру үшін Қордың дайындығына тәуелді болады.

Сонымен қатар басқа елдердегідей кепілдік берілген өтемақының сомасын арттыру Қордың

қаржылық тұрақтылығын қосымша капитализациялаумен нығайтылып, соның нәтижесінде соңғы екі жарым жылда оның жарғылық капиталы 16 миллиард теңгеден 121 миллиард теңгеге дейін өсті.

Қор талаптарына сәйкестігін барлау бойынша қатысушы банктер депозиторларының деректер базасына Қорға қосымша өкілеттіктердің берілуі үдетілген төлемдер жүргізу мақсатын жүзеге асыруды әлдеқайда жақындатты.

Сонымен бірге «Неғұрлым тәуекелді банк үлкен сый ақыны төлейді» қағидасы бойынша Қорға жарналарды әділ төлеу жүйесінің негізі болып табылатын қатысушы банктердің тәуекелді бағалаудың сәйкес жүйесін құру бойынша Қордың салған күш-жігері өткен жыл сәтті өтті. Сараланған мөлшерлемелер жүйесі қайтадан қарастырылып, соның нәтижесінде қатысушы банктердің қаржылық тәуекелдіктерін бағалау мен түсіндіру дәрежесі жоғарылады.

Сайып келгенде бірлескен күштің нәтижесінде жұртшылықтың банктік секторға деген сенімін сақтап қалудың сәті түсті. Барлық дағдарыс орын алған жылдар ағымында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде жеке тұлғалардың депозиттік базасының тұрақты өсуі байқалды. Есепті жыл бойынша олар 16,2%ға өсіп, жалпы сомасы 2,25 триллион теңгеге дейін жетті.

Өте болашағы мол басымдылық ретінде реттеуші органдармен бірге екі жыл бұрын басталған банктердің қайта құрылымдауының тиімді әдістері бойынша жұмыстың әрмен жалғасқанын, сонымен қатар банктерде Шариат қағидалары бойынша жұмыс жасайтын депозиттерге дәлме-дәл кепілдік беру моделін құру міндеттерін атап өту қажет.

Әрине, бір қатар маңызды мәселелердің шешімдері үшін уақыт талап етіледі. Дегенмен, депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру бойынша бүгінгі таңда жасалған жұмыстың көбі әрмен оны дамыту үшін қажет негіз болатындығын абыроймен атап өтуге болады.

Құрметпен,

Бақыт Мәженова

ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ

31.12.2010 жағдайы бойынша

Пайдаланылатын белгілер:

Д	Даму үрдісі
Е	Енгізілген және одан әрі дамытуды талап етеді
Т	Дамытуды талап етеді
Ж	Жақсы
Қ	Қанағаттандырады

Қор жұмысының объектілері	Қордың бастамалары		Атқару деңгейлері
Тиімді корпоративтік басқару және әріптестік	1	Халықаралық принциптерге сәйкестігін бағалау	
	a	Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігін бағалау бойынша IADI әдістемесінің негізінде Қор қызметінің өзін өзі бағалауын өткізуі (self assessment)	Д
	б	Депозиттерді сақтандыру жүйесінің тиімді қызметінің негізгі қағидаларына сәйкес Қорпроцедураларын талдау және дамыту	Д
	2	Корпоративтік басқарудың табысты болуы үшін жағдайлар жасау	
	a	Қордың Директорлар Кеңесінің шешімдерінде ішкі бақылау нәтижелерін көрсету	Е
	б	Жекелей бизнес үрдістерді жүргізу тәртібі бойынша ішкі процедураларды құру	Е
	3	Заңнамалық ортаға сәйкес келу	
	a	Қордың басқару органдарының өкілеттіктерін анықтау бойынша Қор Жарғысына өзгерістер енгізу	Е
	б	Келесі бөліктерде дағдарыстан кейінгі мерзімде депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру:	
	-	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның міндеттері және функциялары	Д
	-	Кепілдік берілген өтемақының сомасын анықтау	Д
	-	Заңды тұлғалардың жеке дәрежелеріне кепілдіктің таралуы	Д
	-	Қордың арнайы резервін қалыптастыру	Д
	-	Қажет болған жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңына өзгерістер енгізу	Д
	4	Активтерді ұтымды пайдалану	
	-	Қордың инвестициялық саясатын және инвестициялық стратегиясын жетілдіру	Е
	5	Қордың өзара әрекеттесуі:	
	a	Қаржы қадағалау агенттігі	Ж
	б	Қазақстан Ұлттық Банкі	Ж
	в	Қазақстан Қаржыгерлерінің Қауымдастығы	Ж
	г	ДКБЖ қатысушы банктер	Ж
	д	Депозиттерге кепілдік беретін шетелдік ұйымдар	Ж
	е	Халықаралық институттар және шетелдік ұйымдар	Қ
	ж	Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жабдықтаушылар	Қ
	6	Негізгі әріптестермен ақпараттық қарым-қатынасты дамыту	
	a	Нормативтік құқықтық актілерді жасауға қатысу	Е
	б	Ақпаратпен алмасудың тетіктерінің тізімнің кеңейтуі және жетілдіруі	Е

Қор жұмысының объектілері	Қордың бастамалары		Атқару деңгейлері
Қордың операциялық қызметі	1	Қордың ішкі бақылау жүйесінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі	Е
	2	Қордың стратегиялық бизнес-үрдістері:	
	а	Қосылу келісім-шартының талаптарын белгілеу	Е
	б	Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу тетігін дамыту:	
	-	қатысушы банк салымшыларының автоматтандырылған есебін алу және салымшылар бойынша деректер базасын жасау бойынша талаптарды белгілеу	Е
	-	салымшылар бойынша қатысушы банктердің деректер беруін стандарттау	Е
	-	қатысушы банктер салымшыларының автоматтандырылған есебі бойынша деректер базасын тексеріп отыру	Е
	в	Қордың инвестициялық қоржынын тиімді басқару	Е
	г	Қордың арнайы резерв тапшылығын жою жөнінде баламалы әдістерді зерделеу және Қазақстан Республикасы заңнамасына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Д
	д	Ең аз шығын принципіне негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістері ретінде ОВА, Bridge bank, P&A институттарын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде:	
	-	проблемалы банктің мүлкін бағалау	Д
	-	қатысушы банктің мәжбүрлеп қайта құрылымдау немесе тарату бойынша өткізілетін шаралардың және оның депозиторлардың қаржы қолдауының іске асыру әдістері	Е
	-	ОВА, Bridge bank, P&A құралдарының іске асыруы үшін нормативтік заң базасының дамытуы	Е
	е	Қордың арнайы резервін қалпына келтіру жөніндегі қызметін іске асыру:	
	-	Қатысушы банктің жұмысын тоқтатқан кезде және/немесе қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілетін лицензиядан айырған кезде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру арқылы	Е
	-	Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банкті тарату комиссиясының құрамына кіру арқылы	Е
	-	Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банк кредиторлар комитетінің құрамына кіру арқылы	Е
	ж	Қор тәуекелдерінің негізгі аймақтарын анықтау және тәуекелдерді басқару	Е
	з	ДҚБЖ қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу методологиясын дамыту	
	-	Жаңа коэффициенттерді өндіру, бар коэффициенттерді түрлендіру және тесттен өткізу	Е
	-	Коэффициенттердің жаңа шекті мәндерін анықтау	Е
	-	"БАТА" ақпараттық жүйесін дамыту	Е
	и	Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы	Е
Адам ресурстарын басқару	1	Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	
	2	Жобаларды дамыту үшін кеңесшілерді тарту	
	а	Сараланған мөлшерлемелер жүйесін жетілдіру бойынша кеңесшіні тарту	Т
	б	Банк мүлігін бағалау әдістемесін өңдеу бойынша кеңесшіні тарту	Т



2010 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

АЙ	ОҚИҒАЛАР
Жыл бойы	«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу, салымшылардың құжаттарын төлемнің уақтылылығы, дұрыстығы және негізділігіне тексеру жалғастырылды
	Қордың өкілдерінің «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлар комитеттерінің жиылыстарына қатысуы
	Қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша тексеру, жылына барлығы 10 банкте тексеру жүзеге асырылды
	Қордың IADI Зерттеу комитеті мен шағын комитеттері шеңберінде зерттеулерді және нұсқауларды әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу
	8-800-080-10-20 «шұғыл байланыс» телефоны бойынша депозиттерге кепілдік беру мәселелеріне байланысты халыққа кеңес беру
	Қордың Директорлар кеңесінің алты жиылысы және Қордың Консультативтік кеңесінің тоғыз жиылысы өткізілді
Қаңтар	Қор өкілінің Гоадағы (Үндістан) IADI Азия-Тынық мұхитының аймақтық комитетінің сегізінші жылдық жиналысына қатысуы
Ақпан	Қордың Директорлар кеңесі Қордың инвестициялық саясатына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады
Сәуір	Қордың Директорлар кеңесі депозиттер бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесін жылына ұлттық валютада 10% дейін және шетелдік валютада 7% дейін азайтуға шешім қабылдады.
	Қор өкілі депозиттерді сақтандыру жүйесін дағдарыс кезінде және дағдарыстан кейін кезеңдерінде нығайту мәселелері бойынша Себуде (Филиппин) өткен саммит конференцияға қатысты.
	«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларын кепілдік берілген өтемақыны төлеу бойынша банк-агентпен өзара есеп-айырысудың аралық салыстырмалы тексеруін жүргізу
Мамыр	Қордың қызметкерлері Қазақстан Республикасындағы инвесторлар мен қаржы қызметтерінің тұтынушыларының құқықтарын қорғау және ипотекалық несие беру сұрақтары бойынша заңнамаға өзгертулер мен қосымшалар енгізу Жұмыс тобына қатысты
	ҚорТөрайымының қатысуымен интернет конференция және журналисттерге брифинг жүргізілді.
	Қордың Консультативтік кеңесінің шеңберінде міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың көлемі мен төлеу тәртібін анықтау Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар дайындау жұмыс тобы құрылды
Маусым	«БАТА» күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемесін есептеуге арналған бағдарламалық жүйесі Қордың интеллектуалдық меншік объектісі болып тіркелді.
	Қордың Консультативтік кеңесімен Қордың Директорлар Кеңесіне міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың көлемі мен төлеу тәртібін анықтау Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өзгерістер жобасын ұсынуға және бекітуге шешім қабылданды

АЙ	ОҚИҒАЛАР
Шілде	2010-2012 жылдарына Қордың Стратегиялық даму жоспары дайындалды. Қордың Директорлар Кеңесі Консультативтік кеңесімен ұсынған Ережелерге өзгерістер мен қосымшалар бекітілді.
Тамыз	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен «Казинкомбанк» АҚ мен «Мастербанк» АҚ шығарылды.
Қыркүйек	Қордың қызметкерлері Алматыда өткен «Қазақстан Республикасындағы банкроттық жүйесін өзгерту» дөңгелек үстел жиналысына қатысты. Қордың штат құрылымын қайта өзгерту жүргізілді.
Қазан	Токиода өткізілген IADI оныншы жалпы жиналысында және «Қаржының қауіпсіздік жүйесі: ары қарай дамытудың бағыттары» конференциясында Қордың Төрайымы ұлттандырылған банктердің реприватизациясы тақырыбына сөз сөйледі
Қараша	Бакуде (Әзірбайжан) IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің «Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қаржылық жүйені тұрақтандырудағы рөлі» семинарында Қор қызметкерлерінің қатысуы. Қазақстан Республикасының Ұлттық валюта Күні мен Қордың он бір жылдығына корпоративтік кеш өткізілді, Қор қызметкерлері боулинг бойынша турнирге қатысты. Қазақстандағы исламдық қаржыландыру сұрақтары бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу үшін Қордың өкілдері ұсыныс дайындау жұмысының жұмыс тобына қатысты.
Желтоқсан	«Депозиттерге кепілдік беру туралы Сіз не білуіңіз қажет» деген жаднама жасалды және депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерге салымшылар арасында тарату үшін жіберілді. Акционердің шешімімен Қордың жарғылық капиталы 121 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2010 ЖЫЛДАҒЫ ДАМУЫ


■ 2009 жылдың 1,2% және 2008 жылдың 3,2% қарсы 2010 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанның ЖІӨ -нің өсуі 7% құрады. Есеп беру жылының ішінде еліміздің экономикасына кеден одағына кірудің нәтижесінде өткізу нарығының кеңеюі, өнеркәсіптік өндірістің өсуі және әлемдік шикізат нарығының бағалық конъюнктурасы іспеттес факторлар қолайлы ықпал етті. Мысалға, 2010 жылдың басында Brent маркасының мұнайының бағасы баррелге 75 долларды құрап, ал жыл соңында 90 АҚШ доллар шамасына жетіп, экспорттан алған жиынтық табысқа, профициттің өтімділігіне және елдің сауда балансының сальдосына оң әсерін тигізді.



2010 жылы бойы тұрақты сыртқы және ішкі шарттар қазақстандық қаржы жүйесінің қалпына келтіруге ғана емес, қаржы дағдарысының қарбалас кезін өткеннен кейін жеткен шамалы оң нәтижелердің бекітуіне де мүмкіндік туғызды. Өте қысылтаң жағдайда тұрған үш отандық банктердің «Темірбанк» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ 2009 жылдағы қаржылық проблемалары банктердің сыртқы кредит берушілермен келісім және олардың қарыздарының ары қарай қайта құрылымдауы арқасында 2010 жылы аяқталды. Тұжырымдап келген қорытындылар бойынша осы үрдіс бір жарым жылға созылып, банктердің сыртқы қарыздарының сомасы 11 миллиард АҚШ долларынан астам қысқартылып, олардың міндеттемелерінің еншісі жылдың ішінде 34%-дан 24%-ға дейін азайды. Банктердің міндеттемелерінің қайта құрылымдауын аяқтау, әрине, елдің банк секторының ортақ жағдайын оңалтуға және жүйелік тәуекел


деңгейінің төмендетуіне едәуір дәрежеде мүмкіндік туғызды. Барлық үш проблемалық қаржы институттарында банктердің негізгі акционерімен қосымша капитализация жүргізілді - «Самұқ-Қазына» ұлттық әлауқатының мемлекеттік Қоры банктердің 67% бен 82% дейін аралығындағы акцияларға ие болып отыр. Сайып келгенде, барлық банк секторының жиынтық есепті меншік капиталы жылдың ішінде 1,8 триллион теңгеге дейін екі есеге өсті.

Жалпы банк активтерінің жылдық өсуі 4,1% немесе 474,2 миллиард теңгені құрап, 12 триллион теңгеге дейін жетіп, соның ішінде 4,4 триллион теңгені шетелдік валюта құрады. Сонымен бірге жыл бойы жиынтық қарыз қоржыны 5, 9% немесе 573,0 миллиард теңгеден 9,1 триллион теңгеге дейін қысқарды, ал банк кредиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы 57%-дан 47%-ға дейін төмендеді. Осы қысқарту «БТА Банк» АҚ қайта құрылымдаумен кредиттерінің бір бөлігінің есептен шығару салдарынан болғанын атап өтуге болады. «БТА Банк» АҚ есепке алу-сыз жылдық жиынтық қарыз қоржыны 310,3 миллиард теңгеге немесе 4,4%-ға үлкею оңтайлы динамикасын көрсетті. Мұндай шамалы өсу банктердің қарызшыларға қойған талаптарын жоғарылатып, кредит беруді едәуір дәрежеде қысқартты, бұл өз кезегінде қарыз қоржынының сапасының барлық көкейкесті проблемасының салдарынан болды. Осылай, 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күйі бойынша үйреншікті кредиттердің еншісі 26,4%, күмәнді енші - 53,6% (соның ішінде 5-ші дәрежедегі күмәнді - 13,7%) және үмітсіз енші - 20,1% құрады.



Депозиттық базасының жиынтық өсуі 13,7% құрады, немесе 821,5 миллиард теңгеден 6, 8 триллион теңгеге дейін, соның ішінде бөлшек депозиттердің өсуі 16,2% байқалды, немесе 313,5 миллиард теңгеден 2,3 триллион теңгеге дейін болды. Сонымен бірге депозиттердің квартал сайын құйылуы 2010 жылдың ішінде 5% аспады, кредиттердің өсу қарқындары баяулағанына қарамастан корпоративтік және депозиттерінің өсу қарқындары, бөлшек секторларды кризиске дейінгі мерзімнің көрсеткіштеріне қайтып келмеді деп айтуға болады. Алайда, банктердің ТОП-8-дігінде, жиынтық еншісі 82% банк сектордың активтерін сомасын құрап, жыл ішінде өтімділік активтердің орташа деңгейі (12,3%-дан 34,6% дейін) болды, яғни жеткілікті өтімдік шарттарында коммерциялық банктердің өздерінің пассивтерін ұзарту үшін қажеттіліктің жоқтығы туралы айтуға болады.

ҚАРЫЗ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТІК ҚОРЖЫНДАРЫНЫҢ ТОҚСАН САЙЫН ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ




Сонымен қатар жеке тұлғалардың үлестерінің пайдаларына отандық банктердің құрылымын қорландыру өзгерістері әлемдік қаржы дағдарысының маңызды зардаптарының бірі болып, банктер тұрғындардың құралдарын белсенді тарта бастады және 2007 жылдың басында жеке тұлғалардың депозиттерінің үлесі ірі банктердің арасында 7%–24% аралығында ауытқып отырды, ал осыдан төрт жылдан кейін осы үлес 14%–48% шегінде өзгертіліп отырды.

2010 жылдың 31 желтоқсаны бойынша бөлшек депозиттық базасының құрылымы келесі сипатта болды: басым бөлігін 86,7% жалпы үлесімен мерзімдік салымдар құрайды ары қарай ағымдағы және карт шоттардағы қалдық сомалары 11,7% болды, ал талап етуге дейінгі салымдар мен шартты салымдар сәйкесінше 1,5% және 1% құрайды.

Егер жұртшылық депозиттерінің өсуі 2009 жылдан негізінен шетелдік валютада 15 миллион теңгеден артық ірі салымдардың мөлшерінде өсу орын алса, онда 2010 жылдың қорытындылары бойынша ең үлкен өсімді 5 миллион теңгеге мерзімдік теңгелік жинақ дейін көрсетті. Негізінен, 5 миллион теңгеге дейін мерзімдік депозиттердің өсуі есеп беру жылына 140, 2 миллиард теңгені (24,2%) құрады.


Сонымен бірге 140,2 миллиард теңге жылдық өсу сомасынан 105,3 миллиард теңге 3 миллион теңгеге дейінгі мөлшердегі депозиттерге тиесілі екенін атап өтуге болады. 5 мен 15 миллион теңге аралығындағы. Қарастырылып отырған кезеңде мерзімдік салымдар қоржыны 77,5 миллиард теңгеге (41%) ұлғайды. Сонымен бірге 15 миллион теңгеден асатын ірі мерзімдік салымдардың таза жылдық өсуі 95,3 миллиард теңгені (11%) құрады.

САЛЫМДАРДЫҢ ТОҚСАНДАР БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР, млрд. теңге



Қаржы көрсеткіштерге негізделген «БАТА» күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесіне сәйкес ДҚБЖ 34 банктерінің 11-і өз позицияларын жақсартып, төмен жарналар төлеу тобына өтті. Осы есептеулердің жүйесі бес жіктелік - А, В, С, D және E топтарын анықтап, сәйкесінше банкінің кепілдік берілетін салымдары сомасынан тоқсан сайын жарналардың мөлшерлемелері 0,04%, 0,08%, 0,11%, 0,19% және 0,38 болды. Егер 2009 жылдың төртінші кварталында D және E топтарында 36 дан 25 ДҚБЖ қатысушы банктер тұрса, онда осы топтарға 2010 жылдың төртінші кварталының қорытындылары бойынша 34 банктерден 18 келеді.

"БАТА" ЖҮЙЕСІ ТОПТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БАНКТЕР БӨЛІНІСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ШОЛУЫ

■ Қазақстандағы депозиттерге кепілдік беру жүйесі 1999 жылдың қарашасынан бастап жұмыс атқарып, ең алдымен, ел тұрғынындарының басым көпшілігін қамтитын барлық ұсақ салымшыларының, яғни коммерциялық банктер депозитор-жеке тұлғаларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге негізделген 2010 жылдың 31 желтоқсаны жағдайы бойынша өтемақы сомасы 5 миллион теңге мөлшерінде Қор жеке тұлғалардың барлық банктік шоттарының 99,7% кепілдікпен толық қамтамасыз етті.

Қазақстандағы депозиттерге кепілдік берудің сұрақтарын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болып 2006 жылдың 7 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы табылады. Осы заң депозиттерге кепілдік беру және қатысушы банктерді мәжбүрлеп тарату жағдайында салымшыларға кепілдік берілген өтемақыны төлеу процедураларына қатысты негізгі қағидалар мен жағдайларды орнатады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне жеке тұлғалардың банктік шоттарды ашуға және жүргізуге, депозиттерді қабылдауға лицензиясы бар барлық банктер кіреді. Қатысушы банктер міндетті түрде кепілдік берілген өтемақыны төлеу үшін Қорға күнтізбелік жарналарды тоқсан сайын аударып, осыдан Қордың арнайы резерві қалыптастырылады. Қатысушы банктің қаржылық жай-күйі және оның тәуекелдер профиліне тәуелді сараланған жарналар мөлшерлемелері бойынша Қорға қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары төленеді. Қордың арнайы резервінің жеткіліксіз болуы жағдайында міндетті түрде кепілдік беру туралы Заңымен қатысушы банктерден қосымша төтенше жарналар алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен несие алу қатынасы қарастырылған.

Мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енгеннен кейін 14 жұмыс күн ағымында Қазақстан тұтшылықтарын қамтитын барлық өлкесін Қор қатысушы банктің мәжбүрлеп таратуы, кепілдік берілген өтемақыны төлеу мерзімі, кепілдік берілген өтемақыны төлеу мерзімі, сонымен бірге банк-уәкілдің аты немесе төлеуді жасайтын поштаның ұлттық операторы туралы әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдар арқылы хабардар етеді. Қор төлемдерді өткізу үшін банк уәкілді конкурстық негізде таңдап, оған қажетті арнаулы резервтен соманы аударады. Банк уәкілді таңдау кезінде Қор оның филиал желісінің көлемі, кепілдік берілген өтемақыны төлеу бойынша алдыңғы тәжірибесін және басқа факторларды есепке алады.

Міндетті түрде кепілдік беруге барлық жедел және шартты депозиттер, талап етуге дейінгі салымдар, ағымдағы және жеке тұлғалардың карт шоттары, соның ішінде жеке кәсіпкерлерді депозиттері жатады. Кепілдік берілген өтемақыны алулары үшін банкінің салымшысы құжаттарымен, жеке куәлігімен, және банктік шоттың/салымның келісім шарттарымен банк уәкілге баруы қажет.

Салымшыға кепілдік берілген өтемақы банктік шотындағы қалдығының мөлшерінде сыйақысыз есептеледі, бірақ ол әрбір салымшыға бір банктен бес миллион теңгеден аспайды¹.

Банк-уәкіл арқылы кепілдік берілген өтемақыны төлеудің ресми мерзімі өткеннен соң, бірақ банкті мәжбүрлеп тарату аяқталған күнінен бір жыл ішінде кешіктірмей салымшылар тікелей Қордан өтемақыны алуға құқығы бар.


Қазақстандағы Қордың қызметі кезінде үш банк мәжбүрлеп таратылды – «Көмір-банк» ЖАҚ (2003 жылы), «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ (2005 жылы) және «Валют-Транзит Банк» АҚ (2007 жылы). Қор заңнамаға сәйкес барлық үш банктердің 67 мыңға шақты салымшыларының 15 миллиард теңгеден астам жалпы көлемінде кепілдік берілген өтемақысын төледі.

1 Максималды кепілдік берілген өтемақының осы мөлшеріне өзгерістерді енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына және 2008 жылдың 23 қазанынан «қаржы жүйесінің сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізулеріне. сәйкес 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет етеді

ҚОР ТУРАЛЫ

■ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы - коммерциялық емес ұйым, оның акционері және жоғары басқару органы болып Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі табылады. Қор екінші деңгейдегі банктердің ішкі көзін қорландыру үшін отандық банк жүйелеріне жұртшылықтың сенімінің сүйемелдеуі мақсатымен және жұртшылықтың депозиттердің өсуін ынталандыруы үшін 1999 жылдың қарашасында құрылды.

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРІ



ҚОРДЫҢ БӨЛІМДЕРІ

■ Қордың ішкі ұйымдық құрылымында есеп беру жылында өзгерістер өткізілді. Қыркүйектің басында Банктердің статистикасы және талдау бөлімі екі бөлімге өзгерген - Жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу және методологиясы бөлімі мен Талдау және қоғамдық байланыстар бөлімі, ал Құқықты қамтамасыз ету және методология бөлімі Құқықты қамтамасыз ету және кепілдік берілген өтемақыны төлеуді ұйымдастыру бөліміне атын өзгерткен.

Қор бөлімдерінің негізгі функциялары:

■ Жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу және методологиясы бөлімі

- міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелері ауқымында жұмыс істейтін «БАТА» жүйесінде қатысушы банктердің жіктемелік топтары мен сәйкес міндетті күнтізбелік жарналар мөлшерлемелерін анықтау мен олар жайлы хабардар ету;
- жіктемелік тобын анықтау мен оған сәйкес міндетті күнтізбелік жарнасы сұрақтары бойынша қатысушы банктерден түсетін жазбаша наразылықтарды қарастыру;
- қатысушы банктер ауқымында «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесіндегі индикаторларының даму серпінін айқындайтын талдамалық ақпарат дайындау;
- қатысушы банктердің есеп беруін жинақтау, өңдеу және талдау;
- міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмыс;
- қатысушы банктердің төлеуіне қатысты міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар мөлшерін есептеу, алрдың төленуінің толықтығын және уақтылығын қадағалау;
- «БАТА» ақпараттық жүйесінің бейімделуі және дамуы, тағы басқалар.

■ Проблемалық банктермен жұмыс жүргізу бөлімі

- қатысушы банктің консервациясына немесе барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылуына байланысты уақытша әкімшілік құрамына қатысу;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысу;
- барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылуына байланысты тағайындалатын уақытша әкімшілікпен, сонымен бірге кепілдік берілген депозиттер бойынша өтемақы сомаларын есептеудің бір бөлігіндегі мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясымен жұмыс атқару;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатынасу;
- қаржылық жағдайы ауыр банктер мәселелерін шешудің мәжбүрлеп тарату және балама әдістері және тағы басқалары бойынша әдістемелер құру бойынша ұсыныстарды дайындау және қарастыру.



■ Құқықтық қамтамасыз ету және кепілдік берілген өтемақыны төлеуді ұйымдастыру бөлімі

- Қордың қызметін және депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс жасауын реттеуші нормативтік құқықтық акттеріне түзетулер енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеу;
- Қорға келісуге түсетін нормативтік құқықтық акттердің жобалары бойынша ұйғарымдарды әзірлеу;
- Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығының және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау уәкілетті органның Қордың құзырының шектеріндегі заңнама жетілдіру сұрақтары бойынша жұмыс топтарына қатысу;
- Қор жұмысының негізгі бағыттары бойынша нормативтік актілер және басқа әдістемелік құжаттары бойынша материалдарды жинау, оларды талдау, жобалау;
- Қазақстан Республикасының заңының талаптарына Қордың бұйрықтары, ұйғарымдары, және басқа да ішкі акттерінің сәйкес болуын қамтамасыз ету, қолданыстағы заңға олардың қарама-қайшылығының жағдайында оларды өзгерту немесе жою туралы ұсыныстарды енгізу;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне енетін банктер өтінішін, сонымен қатар олардың атауының өзгерісі кезінде банктер ұсынатын құжаттарды тексеру, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде екінші деңгейдегі банктердің қатынасуы туралы куәліктер дайындау мен беру, берілген және жойылған куәліктер есебін жүргізу;
- мәжбүрленіп таратылатын қатысушы банк депозиторларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу процедурасын бақылау, құқықтық қамтамасыз ету, деректерді өңдеуді жүргізу, сонымен бірге банк-агентпен хат алысуды және келіссөздер жүргізу және кепілдік берілген өтемақыны төлеуүрдістерінде онымен нәтижелер тәптіштеуін жүзеге асыру;
- Қордың өткізетін мемлекеттік сатып алулар процедураларын құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- Қор жүзеге асыратын шаруашылық және басқа келісім шарттарының (шарттар, келісімдер) жобаларын құру; контрагенттермен Қорға ұсынылатын келісімшарт жобаларының құқықтық сараптамасын өткізу, жасалған келісім шарттардың есебін жүргізу мен басқалар.



■ Талдау және қоғамдық байланыстар бөлімі

- уәкілетті органдар үшін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жағдайы мен дамуы, Қазақстанда бөлшек депозиттық нарықтың дамуы, «БАТА» күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есеп айырысуына сәйкес банктердің қаржы жағдайы туралы ақпараттық-аналитикалық шолуларды әзірлеу;
- Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметінің тұжырымдамасын өңдеу және оны жүзеге асыру;
- Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (IADI) және депозиттердің сақтандырудың аумағында қызмет ететін басқа шетел ұйымдарымен жұмыс жүргізу, сонымен бірге IADI шеңберінде басқа бөлімдердің жұмысын үйлестіру;
- Қордың Стратегиялық даму жоспарын және жылдық есебін өңдеу; тағы басқалар.



■ Қаржы-әкімшілік бөлімі

- барлық қорлар түрлерін тиімді және үнемді пайдалану, Қор меншігінің сақталуын бақылау;
- Қордағы бухгалтерлік есепті жүргізу мен оны әбден жетілдіру және автоматтандыруға қатысу;
- қадағалаушы органдар үшін статистикалық, қаржылық және басқа есеп беруді дайындау, сонымен бірге Қор өткізетін инвестициялық қызметті талдау;
- кезекті күнтізбелік жылға Қор бизнес-жоспарын құру, оның орындалуын талдау мен бақылау, акционер үшін Қордың бизнес-жоспарын орындау бойынша есеп берулерді дайындау;
- Қордың мемлекеттік сатып алу жоспарын құрастыру, талдау және бақылау;
- қазына, тауарлық-заттық құндылықтар, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, дебиторлық қарыз және қордың міндеттемелерін түгендеу, тағы басқалар.



ҚОРДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

АКЦИОНЕР



■ Қорды ұйымдастырушы және бірден бір акционері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі болып табылады. Акционердің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Ғалиева Дина Төлеубекқызына берілді.

Дина Ғалиева

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

Акционердің ерекше құзырына Қорды ерікті қайта өзгерту және мәжбүрлеп тарату, Қордың акцияларын орналастыру және олардың орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау, директорлар Кеңесінің құрамын қарастыру және олардың өкілеттіктерін жедел түрде тоқтату, Қордың Төрайымын тағайындау, Қордың резервті капиталын қолдану тәртібін тағайындау, Қордың жылдық есебін бекіту және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес тағы басқа сұрақтар қатысты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

■ Есеп беру жылдың ішінде Қордың директорлар Кеңесінің құрамына Қордың Директорлар кеңесінің Төраға болып келетін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасының орынбасары, Қордың Төрайымы, Қазақстан Ұлттық Банкінің үш бөлімшелерінің жетекшілері, Қаржы Қадағалау Агенттігінің Төрайымының орынбасары, сонымен бірге екі тәуелсіз директорлар кірді.

Қордың Директорлар кеңесімен 2010 жылда алты жиналыс өткізілді, онда келесі сұрақтар талқыланды:

- Қордың 2011 жылға Бизнес-жоспарын (бюджет) бекіту;
- 2010-2012 жылдардағы мерзімге Қордың Стратегиялық даму жоспарын бекіту;
- Қордың Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысын тағайындау және оның өкілеттіктерінің мерзімдерін анықтау;
- Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер қосылу Келісім шартына, сонымен қатар қосылу Келісім шартымен бекітілген Қордың талаптарына қатысушы банктердің депозиттерді сақтандырудың есепке алу автоматтандырылған базасына сәйкестігін тағайындау Ережесіне өзгерістерді бекіту;

- Салықтық есеп саясатқа, есеп саясатына және Қордың тәуекелдерін басқаруды ұйымдастырудың Ережесіне өзгерістерді бекіту және енгізу;
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне өзгерістерді бекіту;
- Ұлттық және шетелдік валютада жеке тұлғалардың қайта жұмылдырылған депозиттері бойынша ұсынылған сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін анықтау әдістемесін талқылау;
- Қордың интернет-қорының деректілігін жоғарылату бойынша шараларды талқылау; қордың штаттық құрылымына өзгерістерді қарастыру және бекіту.

Есеп беру жылының сәуірінде директорлар Кеңесінің мәжілістерінде ұлттық валюта бойынша 11,5%-дан 10%-ға және шетелдік валютадағы 8%-дан 7%-ға дейін екінші деңгейдегі банктердің қайта жұмылдыратын жеке тұлғалардың депозиттеріне сыйақы мөлшерлерін төмендету туралы Қордың Консультациялық кеңесінің ұсынысы мақұлданып бекітілді.



Дәнияр Ақышев
Директорлар кеңесінің
төрағасы, Қазақстан
Республикасы Ұлттық
Банкі Төрағасының
орынбасары



Бақыт Мәженова
«Қазақстанның
депозиттерге кепілдік
беру қоры» АҚ
Төрайымы



**Гүлфайрус
Шайқақова**
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Зерттеу
және статистика
департаментінің
директоры



Олег Смоляков
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы
тұрақтылығы
басқармасының бастығы



Юрий Герасименко
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Монетарлық
операциялар департаментінің
директоры



Қуат Қожахметов
Қаржы қадағалау
агенттігі Төрайымының
орынбасары



Жанат Құрманов
Тәуелсіз директор



Юлия Якупбаева
Тәуелсіз директор,
Қазақстан Қаржыгерлерінің
Қауымдастығының басқару
директоры

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

■ Консультативтік кеңес Қорға ұсыныстар, кеңестер, консультациялар өткізіп, міндетті түрде депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша Қордың құжаттарын өңдеуге көмектеседі. Консультативтік кеңес қызметінің тәртібі қабылданған жұмыс регламентімен анықталады. Консультативтік кеңестің шешімдері кеңес беру сипатында орын алады.

Қордың Консультативтік кеңесі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер өкілдерінен дауыс беру нәтижелері бойынша олардың жалпы жиналысында жыл сайын сайланады. 2010 жылы Консультативтік кеңес төрағасының міндеттерін Консультативтік кеңес мүшелері сайлаған «АТФ Банк» АҚ өкіліне тапсырылған.

Есеп беру жылында Қордың Консультативтік кеңесінің жиналыстарында келесі сұрақтар талқыланды: міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар, екінші деңгейдегі банктердің қайта жұмылдыратын жеке тұлғалар депозиттері бойынша ұсынылатын номиналды сыйақы мөлшерлемелері деңгейлерін төмендету, сонымен қатар қосылу Келісім Шартына өзгерістер енгізу. Сонымен бірге Консультативтік кеңестің шешімі бойынша жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеут әдістемесін жетілдіру сұрақтары бойынша қатысушы банктердің өкілдерінен жұмыс тобы құрылды.

2010 жылдағы Қордың Консультативтік кеңесінің мүше банктері

«АТФ Банк» АҚ
«Банк ЦентрКредит» АҚ
«БТА Банкі» АҚ
«Еуразиялық банк» АҚ
«Қазақстан халық банкі» АҚ
«Қазкоммерцбанк» АҚ
«Kaspi bank» АҚ
«Ресей жинақ банкі» АҚ ЕБ
«Темірбанк» АҚ
«HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (байқаушы)

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қордағы ішкі бақылау жүйесі активтерді басқарудың тиімділігі мен пайдалылығы және шығындардың ықтималдығын анықтау, қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігін, толықтылығын және уақтылығын қамтамасыз ету, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын сақтау мақсаттарында құрылған.

Қордағы тәуекелдерді бағалау 2008 жылы қабылданған тәуекелдерді басқаруды ұйымдастырудың іс жүзіндегі ережелеріне сәйкес орындалады. Қордың тәуекелдерді басқару бойынша комитеті Қордың бизнес-үрдістерінің тәуекелдерін жыл сайын бағалап, Қор қызметіндегі өте жоғары, жоғары және орташа

деңгейдегі тәуекелдердің болуы туралы ақпаратты қамтыған тәуекелдердің ортақ картасын құрып, сонымен бірге олардың деңгейін төмендету үшін алға қойылған шаралар бойынша ұсыныстар дайындайды.

Жыл сайын тәуелсіз аудиторлық компания Қор қызметіне тән тәуекелдердің деңгейін бағалайды, сонымен бірге Қордың бизнес-үрдістерін орындаудың ішкі бақылау жүйесінің бағалауын жүргізеді. Аудиторлық компанияның тексеріс нәтижелеріне сай осы жүйелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар беріліп, оның негізінде тәуекелдерді азайту мен олардың пайда болуын ескертуге бағытталған шаралар қабылданады.

Тәуекел түрі	2010 жылда тәуекел алдын алу бойынша Қор қабылданған шаралар
Қордың кепілдік берілген өтемақысын төлеу бойынша функцияны тиісінше орындау тәуекелі	10 қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша тексеру жүзеге асырылды
Өтемақы резервінің тапшылық тәуекелі	Қор акционері Қордың жарғылық капиталын 121 миллиард теңгеге дейін арттырды
Тарату массасынан Қордың арнайы резерв қаражаттарының қайтарылмау тәуекелі	Таратылатын банктердің тарату комиссиясы мен кредиторлар комитетінің құрамына Қордың қатысуы
Өтімділік тәуекелі	Қордың инвестициялық стратегиясының жыл сайынғы талдауы, қажет болған жағдайында өзгерістерді енгізу
Құқықтық тәуекел	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәніне қолданыстағы заңнамалардың мониторингі
	Қажетті өзгерістерді талдау мен Қор Жарғысына және ішкі құжаттарға оларды енгізу
Қызметкер тәуекелі	Қызметкерлерді оқыту мен олардың кәсіби біліктілігін арттыру
Жүйелік банк дағдарысы тәуекелі	Нарықтағы жағдай мониторингін Қордың жүргізуі, сондай-ақ уәкілетті органдардан кеңес алу

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР

■ Қазақстанда 2010 жылы аяғындағы жағдай бойынша 39 екінші деңгейдегі банк жұмыс жасады, олардың ішінде 34 банк - депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер, яғни Қаржы Қадағалау Агенттігінің жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге лицензиясы бар банктер. Сонымен бірге, 2010 жылы ішінде қатысушы банктердің саны азайды: тамызда «Мастербанк» АҚ «Мастер-Кредит» несие беру» ЖШС-не өзгеріп, депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шықты. Сол айда Қаржы Қадағалау Агенттігінің Басқармасы «Қазақстандық

инновациялық коммерциялық банкі» АҚ-ның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, олардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясын айыру туралы қаулысын қабылдады. Бұл шешімнің себебі - банк заңнамасын жүйелі түрде орындамау.

Сонымен басқа, қыркүйекте уәкілетті орган «Данабанк» АҚ-ның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, олардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясын 3 айға тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізімі

1. «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» акционерлік қоғамы
2. «Delta Bank» акционерлік қоғамы
3. «HSBC Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы еншілес банкі
4. «Kaspi Bank» акционерлік қоғамы
5. «RBS (KAZAKHSTAN)» еншілес банкі акционерлік қоғамы
6. «Альфа-Банк» еншілес банкі акционерлік қоғамы
7. «Альянс Банкі» акционерлік қоғамы
8. «АТФБанк» акционерлік қоғамы
9. «Астана-Финанс» Банкі» акционерлік қоғамы
10. Банк ВТБ (Қазақстан) акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
11. «Қазақстандағы Қытай банкі» еншілес банкі акционерлік қоғамы
12. «БанкПозитив Қазақстан (Банк Апоалим Б.М. еншілес банкі)» акционерлік қоғамы
13. «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы
14. «БТА Банкі» акционерлік қоғамы
15. «ДАНАБАНК» акционерлік қоғамы
16. «Еуразиялық банкі» акционерлік қоғамы
17. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы
18. «Заман-Банк» акционерлік қоғамы
19. «ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ» еншілес банк акционерлік қоғамы
20. «Қазинвестбанк» акционерлік қоғамы
21. «Қазкоммерцбанк» акционерлік қоғамы
22. «МЕТРОКОМБАНК» Акционерлік қоғамы
23. «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» акционерлік қоғамы
24. «Пәкістан Ұлттық банкісінің» Қазақстандағы еншілес банкі акционерлік қоғамы
25. «Нұрбанк» акционерлік қоғамы
26. «Ресей жинақ банкі» акционерлік қоғамы еншілес банкі
27. «СЕНІМ-БАНК» акционерлік қоғамы
28. «Ситибанк Қазақстан» акционерлік қоғамы
29. «ТАИБ Қазақ Банкі» еншілес банкі» акционерлік қоғамы
30. «Темірбанк» акционерлік қоғамы
31. «Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп банкі» акционерлік қоғамы
32. «Хоум Кредит Банк» акционерлік қоғамы
33. «Цеснабанк» акционерлік қоғамы
34. «Шинхан Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы

«БАТА»

САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

■ Қор «БАТА»¹ күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесін 2007 жылы енгізген.

«БАТА» жүйесіне сәйкес барлық қатысушы банктер Қорға міндетті күнтізбелік жарналарды өз қаржылық тұрақтылығы мен қызметінің тәуекел дәрежесіне тәуелді аударады. Қордың күнтізбелік жарнасының мөлшерлемелерін есептеу кезінде сандық және сапалық индикаторлар пайдаланылып, олардың мәндерін есептеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын әрбір қатысушы банк бойынша жалпы жинақтағыш балл есептеледі. Тағайындалған жалпы жинақтағыш баллдың мәндеріне тәуелді қатысушы банк бес жіктемелік топтардың біріне жатқызылады. Осы кезде банктің қаржылық тұрақсыздығы және

тәуекелдік дәрежесі жоғары болса соғұрлым оның календарлық жарна мөлшерлемесі өседі. Бұл тұрғыда күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі жарналардың ортақ мөлшерлемелері жүйесімен салыстырғанда анағұрлым әділетті болып табылып, ол банктердің тәуекелдерін азайтудың қосымша түрткісіне айналып, Қордың және реттеуші органдардың пруденциалдық және басқа да нормативтерін қадағалау мен өз қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ынталандырады.

«БАТА» жүйесі аумағында күнтізбелік жарналардың жіктеу топтары және оларға сәйкес міндетті сараланған мөлшерлемесі төменгі кестеде келтірілген.

«БАТА» жүйесінің жіктеу тобы	«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»
Қатысушы банктің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі барлық жеке тұлғалардың депозиттерінің сомасынан пайыз)	0,04%	0,08%	0,11%	0,19%	0,38%

Қор жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеудің әдістемесін банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сонымен бірге отандық банктік сектордың жай күйінің, республиканың банк заңдарының және реттеуші органдармен бекітілген қаржы есеп беруі нысандары өзгерістерін есепке алу арқылы үнемі қайта қарастырады. Дағдарыс кезінде «БАТА» жүйесі өзін қатысушы банктердің тәуекелдерін өлшеудің дәлмәдәл шкаласы ретінде көрсетті. Көптеген ірі банктердің проблемалары олардың жіктемелік топтарында көрініс алып, олардың көпшілігі нашарлау топтарға ауысты. Отандық қаржы нарығындағы жағдайдың нашарлауы және елдің банктік жүйесінің тек сыртқы ортасының ғана емес, сонымен ішкі ортасының өзгерісі «БАТА» жүйесінің көрсеткіштерінің әрбіреуін тексеру қажеттілігіне әкелді.

Сондықтан, Қор есеп беру жылында жарналардың мөлшерлемелерінің сараланған есептеу әдістемесін қайта қарастырған. Жекелей, міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеудің әдістемесін жетілдіру бойынша үлкен жұмыс келесі бірнеше кезеңдерде өтті:

— Қордың Консультациялық кеңесінің ынтасы бойынша, сонымен бірге Қордың өз ынтасымен құрылған қатысушы банктердің жұмыс тобының ұсыныстары негізінде жаңа көрсеткіштер құрастыру;

— статистикалық тесттеу (таңдап алынған көрсеткіштердің дисперсиялық және корреляциялық талдауы, факторлардың статистикалық маңыздылығы мен салмақтылығының бағалауы);

— әрекет етуші көрсеткіштердің, сонымен қатар жаңа көрсеткіштердің шекті мәндерін шектердің сезгіштігіне мәндерді тесттеу негізінде анықтау;

— Қордың Консультациялық Кеңесінде және директорлар Кеңесіндегі өзгерістер жүйесіне ұсынылатын енгізулерді келісу және директорлар Кеңесі мүшелерімен оны әрмен бекіту.

Қордың «БАТА» жүйесі бойынша есептеулерді автоматтандыру мақсаттарында бір атаулы арнайы мамандандырылған ақпараттық жүйе құрылған, ол банктер бойынша мәліметтер алуға, индикаторлар бойынша есептеулер жасауға, шығарыс есеп берулері мен банктер қимасындағы хаттарды қалыптастыру сияқты жұмыстарды автоматтандыруға мүмкіндік береді. «БАТА» ақпараттық жүйесі ақпараттың, сонымен қатар адам ресурсының үлкен көлемін пайдалануды, олардың қажырлы еңбегі мен есептеу кезіндегі қателіктер тәуекелдерін азайтуға ықпалын тигізеді.

«БАТА» ақпараттық жүйесі есеп беру жылының маусымында Қордың интеллектуалдық меншігі болып тіркелді.

1 БАТА – Банктер Талдау

ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІ ТЕКСЕРУ

■ Қор 2009 жылғы ақпаннан бастап депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартымен белгіленген Қор талаптарына сәйкестігін анықтау үшін шарасын жүзеге асырады. Оның негізгі мақсаты қатысушы банктің салымшылар алдындағы міндеттер есебін толық және тиісінше жүргізуі туралы мәліметтерді алу мен салымшылар алдында банк міндеттемелері тізілімін және кез келген күндегі ахуалы бойынша оларға талаптар тізілімін қалыптастыру қабілеттігі болып табылады.

